

**Түркістан облысы Сарыагаш ауданының Құркелес, Жылға, Қабланбек, Жемісті және Тегісшіл ауылдық округтері елді мекендерінің шекараларын өзгерту және белгілеу туралы**

Түркістан облысы Сарыагаш аудандық мәслихатының 2023 жылғы 16 мамырдағы № 2-26-VIII бірлескен шешімі және Түркістан облысы Сарыагаш ауданы әкімдігінің 2023 жылғы 24 мамырдағы № 141 қаулысы. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 24 мамырда № 6296-13 тіркелді

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 108 бабының 1, 5-тармақтарына, "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылышы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12 бабының 3) тармақшасына сәйкес, Сарыагаш ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ және Сарыагаш аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Түркістан облысы Сарыагаш ауданының Құркелес, Жылға, Қабланбек, Жемісті және Тегісшіл ауылдық округтерінің келесі елді мекендерінің шекаралары өзгертілсін және белгіленсін:

1) Құркелес ауылдық округінің Құркелес елді мекенінің шекарасына Сарыагаш ауданының ауылшаруашылығы мақсатындағы 71,71 гектар жерлерді қосу арқылы, Құркелес ауылдық округінің Құркелес елді мекенінің шекарасы өзгертіліп, жалпы көлемі 307,06 гектар шекарасында белгіленсін;

2) Құркелес ауылдық округінің Ақниет елді мекенінің шекарасына Сарыагаш ауданының ауылшаруашылығы мақсатындағы 5,60 гектар жерлерді қосу арқылы, Құркелес ауылдық округінің Ақниет елді мекенінің шекарасы өзгертіліп, жалпы көлемі 224,6 гектар шекарасында белгіленсін;

3) Жылға ауылдық округінің Қарақалпақ елді мекенінің шекарасына Сарыагаш ауданының ауылшаруашылығы мақсатындағы 759,41 гектар жерлерді қосу арқылы, Жылға ауылдық округінің Қарақалпақ елді мекенінің шекарасы өзгертіліп, жалпы көлемі 2827,27 гектар шекарасында белгіленсін;

4) Жылға ауылдық округінің Жылға елді мекенінің шекарасына Сарыагаш ауданының ауылшаруашылығы мақсатындағы 753,4 гектар жерлерді қосу арқылы, Жылға ауылдық округінің Жылға елді мекенінің шекарасы өзгертіліп, жалпы көлемі 3267,20 гектар шекарасында белгіленсін;

5) Қабланбек ауылдық округінің Сіргелі елді мекенінің шекарасына Сарыагаш ауданының ауылшаруашылығы мақсатындағы 2,83 гектар жерлерді қосу арқылы, Қабланбек ауылдық округінің Сіргелі елді мекенінің шекарасы өзгертіліп, жалпы көлемі 225,66 гектар шекарасында белгіленсін;

6) Жемісті ауылдық округінің Жемісті елді мекенінің шекарасына Сарыагаш ауданының ауылшаруашылығы мақсатындағы 81,64 гектар жерлерді қосу арқылы, Жемісті ауылдық округінің Жемісті елді мекенінің шекарасы өзгертіліп, жалпы көлемі 239,4 гектар шекарасында белгіленсін;

7) Тегісшіл ауылдық округінің Мәдениет елді мекенінің шекарасына Сарыагаш ауданының ауылшаруашылығы мақсатындағы 1277,28 гектар жерлерді қосу арқылы, Тегісшіл ауылдық округінің Мәдениет елді мекенінің шекарасы өзгертіліп, жалпы көлемі 1585,72 гектар шекарасында белгіленсін.

2. Осы бірлескен Сарыагаш ауданы әкімдігінің қаулысы мен Сарыагаш аудандық мәслихаты шешімінің орындалуын бақылау аудан әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы бірлескен Сарыагаш ауданы әкімдігінің қаулысы мен Сарыагаш аудандық мәслихатының шешімі оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Түркістан облысы, Сарыагаш ауданының әкімі  
Мәслихат төрағасы

А. Абдуллаев  
С. Таскулов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК